

# АЛТ «АҚТӨБЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»



Педагогикалық кеңес (кезектен тыс) отырысында  
толықтырылды және құпталды 2022ж. « 03 » қазан.

## АҚТӨБЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ЕРЕЖЕСІ (ӘРІ ҚАРАЙ- КОЛЛЕДЖ)

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы ішкі тәртіп Ережесі 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына; Педагог мәртебесі Заңына, Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі 2022-2023 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдар, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің және Колледж Жарғысы – білім алушылардың білім беру мен тәрбиелеу, интеллектуалды, рухани-адамгершілік, шығармашылық және кәсіби дамуына жүзеге асыру үшін қолайлы мүмкіндіктер жасау, олардың білім беру қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру, барлық қатысушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен міндеттерін орындау мақсатында колледж жұмысының ішкі тәртібін реттеу үшін жасалды.

1.2 Колледждегі еңбек және оқу үрдісі Ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтауға негізделген. Бұл ережелер студенттер мен колледж қызметкерлерінің мінез-құлық нормалары мен іс-әрекеттерін анықтайтын негізгі нормативтік құжаттардың бірі болып табылады.

1.3 Қазақстан Республикасы Заңының «Білім туралы» 47-бабы 14-тармағына сәйкес колледж білім алушылары осы ішкі ережелерді орындауға міндетті.

1.4 Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 47-бабы 18-тармағының негізінде колледждің білім алушылары міндеттерін бұзғаны үшін оларға осы ішкі ережелерде көрсетілген тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін.

### 2. ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ОҚУ УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1. Колледжде 5 күндік оқу аптасы белгіленген.

2.2. Колледж қызметкерлері үшін аптасына 40 сағаттық бес күндік жұмыс аптасы қарастырылып сәйкесінше келесі жұмыс тәртібі белгіленген:

- Жұмыстың басталуы – 9.00;
- Жұмыстың аяқталуы – 18.00;
- Түскі үзіліс – 13.00 – 14.00;

2.3. Оқытушылар мен студенттер үшін келесідей жұмыс уақыты мен оқу уақыты белгіленген:

- 2 Оқу үдерісі екі кезеңде ұйымдастырылады, оқу уақыты, 8.30-ден басталып, және оқу үдерісінің негізінде сағат 19.00 де аяқталады.

2.4. Колледжде оқу сабақтары 8.30-ден 19.10-ке дейін өтеді.

2.5. Сабақтың барлық түрлері үшін академиялық сағат 45 минутты құрайды

2.6. Оқу күндері - дүйсенбі мен жұма аралығы болып белгіленген.

Мереке және демалыс күндері сабақтар өткізілмейді.

Қорытынды және аралық аттестациялар директордың бұйрығымен бекітілген оқу үрдісінің белгіленген кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Қорытынды және аралық аттестациялар директордың бұйрығымен бекітілген оқу үрдісінің белгіленген кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

2.7. Сабаққа қатысу міндетті болып табылады. Сабақтан босату медицина қызметкерінің қорытындысы негізінде және топтың кураторы, бөлім меңгерушісі, оқу жұмысы жөніндегі директордың орынбасарының келісімімен болған жағдайда студенттің жазбаша өтініші бойынша жүзеге асады.

2.8. Оқу кестесі семестрге құрастырылып және басталғанға дейін бір аптадан кешіктірмей ілінеді.

Колледждің 1 академиялық сағатының ұзақтығы - 45 минут.

Кешігу, сабақтан ертерек кету, сабақ өткізілетін жерден өз еркімен уақытша кетуге рұқсат етілмейді.

2.9. Топтағы оқу ұзақтығы әдетте 6-8 академиялық сағатқа белгіленеді.

2.10. Жыл сайынғы демалыстың ұзақтығы оқу жылы үшін он бір апта, оның ішінде қысқы кезеңде екі апта.

2.11. Педагогикалық практика кестесі колледж директорының бұйрығымен бекітілген педагогикалық практиканың кестесіне сәйкес жасалады.

2.12. Сабақтар бір семестрге оқу бөлімінің меңгерушісімен құрастырылған және колледж директоры бекіткен оқу кестесі бойынша өткізіледі.

2.13. Оқытушылар семестр ішінде аптасына 2 сағаттан кем емес кесте бойынша қосымша сабақ жүргізеді. Сессия барысында консультациялар оқу бөлімінің меңгерушісі құрған және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

2.14. Әрбір топқа белгіленген формада жасалған журнал жүргізіледі. Журнал оқу бөлімінде оқу бөлімінің меңгерушісінің басшылығымен сақталады және оқытушыға сабақ басталар алдында ғана беріледі. Факультатив сабақтарының журналы оқу бөлімінде сақталады.

2.15. Бөгде тұлғаларға директордың немесе директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының рұқсатынсыз сабаққа қатысуға жіберілмейді. Ата-аналар тарапынан оқытушылардың сабақтарына қатысу колледж әкімшілігіне және кураторларға алдын ала ескерткеннен кейін ата-аналар жиналыстарында және ата-аналар күндерінде рұқсат ретіледі.

2.16. Әр айдың соңғы сенбісінде аудиториялар мен белгіленген аймақтарға тазалау жұмыстары жүргізіледі. Оны жүзеге асыру директордың тәрбие ісі жұмысы жөніндегі орынбасары мен топ кураторларына жүктеледі.

2.17. Әр күні сабақтан кейін бөлім меңгерушілері білім алушылардың сабаққа қатысуын тексеріп, қатыспағандарын жазып алып, талдау жасайды және айына екі рет апта сайынғы директордың орынбасарлары мен бөлім меңгерушілерінің жиналысында қорытындысын хабарлайды.

2.18 Колледж әкімшілігінің рұқсатынсыз білім алушыларды түрлі іс-шараларға (дайындық, жарыстарға) босатуға қатаң тыйым салынады.

2.19. Теориялық оқыту журналдарын толтыру және жүргізу Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің «Қазақстан Республикасының білім беру қызметінде білім беру ұйымы қолданатын қатаң есептілік құжаттарының нысандарын бекіту туралы» 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

2.20 Колледж әкімшілігінің рұқсатынсыз оқытушылардың өзара келісімі бойынша сабақтарды ауыстыруына қатаң тыйым салынады.

2.21 Барлық сабақтан тыс іс-шаралар директормен бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Колледждегі жалпы іс-шараларды өткізу кезінде топтардың кураторларының кезекшілігі міндетті болып табылады. Басқа қызметкерлердің кезекшілігі – бөлек кесте бойынша жүргізіледі.

2.22 Оқу үрдісінде денсаулық сақтау технологияларын енгізу, студенттердің денсаулығын сақтау және насихаттау мақсатында колледж директорымен бекітілген жоспар бойынша ай сайынғы денсаулық күндері өткізіледі.

2.23 Колледжде, сондай-ақ одан тыс жерде өткізілетін іс-шараларда студенттердің өмірі мен денсаулығына жауапкершілік директордың бұйрығымен тағайындалған оқытушыға жүктеледі.

2.24 Сабақта ұялы телефондарды пайдалануға рұқсат берілмейді.

2.25. Білім алушылар ауырып қалған жағдайда дәрігердің анықтамасы және кафедра меңгерушісінің жазбаша рұқсатымен сабақтан босатылады.

2.26 білім алушыларға оқу-тәрбие үрдісі кезінде колледж территориясынан шығуға тыйым салынады (айрықша жағдайларда: үлкен үзіліс және т.б.).

2.27 Оқу үрдісіндегі демалыс уақытында еңбек демалысына шықпаған оқытушылар әдістемелік жұмыстар мен оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау және студенттерді оқыту мен тәрбиелеуге байланысты жұмыстарға, жаңа оқу жылына немесе семестрге дайындық жұмыстарына қатысады.

2.28. Оқытушының жұмыс уақыты сабаққа дайындалу мен студенттердің жазба жұмыстарын тексерген уақытын есептемегенде, оқу кестесімен, сонымен қоса мекеменің тәрбиелік және әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес анықталады.

2.29. Оқытушылар ауырып немесе басқа себептермен жұмысқа шығуға қабілетсіз болған жағдайда оқу бөлімінің меңгерушісіне немесе оқу бөлімінің диспетчеріне сабақ басталмас бұрын хабарлауға міндетті.

2.30. Колледж аумағында және 150 м радиуста колледждің іргелес аумағында темекі шегуге қатаң тыйым салынады. Құқық бұзушылар әкімшілік жауапкершілікке тартылады (тыйым салынған жерде темекі шеккені үшін айыппұл)

2.30 Басқа оқу орындарының білім алушыларын ауыстыру білім беру ұйымдарының түрлері бойынша студенттерді ауыстыру және қайта қабылдау Ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

2.31 Студентті колледжге қабылдаған кезде студент және (немесе) оның ата-анасы (заңды өкілдері) колледж Жарғысымен, білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына ие лицензия және ішкі тәртіп ережесімен танысуға құқылы.

2.32 Жыл сайынғы еңбек демалыстарын беру кәсіподақ комитеті мен колледж қызметкерлерімен келісім бойынша әкімшілікпен белгіленеді. Еңбек демалысының кестесі ағымдағы оқу жылының 1-ші мамырына дейін жасалады және барлық колледж қызметкерлеріне қол қойдыру арқылы жарияланады.

### **3. КОЛЛЕДЖДЕ БІЛІМ КҮНІН ӨТКІЗУ**

1 қыркүйек «Білім күні барлық» курстардың білім алушылары үшін «**Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм**» тақырыбында кураторлық сағат өткізіледі.

Кураторлық сағаттың мақсаттары:

1. Білімге деген құндылықты қалыптастыру, өз Отаны үшін қажет және пайдалы болуға деген ұмтылыс.

2. Белсенді өмірлік ұстанымды, кәсіби маңызды қасиеттерді және олардың қоғам өмірінің түрлі салаларында көрініс табуына дайындығын қалыптастыру.

3. Өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға, жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамытуға бағдарлау.

### **4. АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕРБЕСТІК**

Заңнамалық деңгейде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII ҚРЗ Заңына сәйкес академиялық дербестік бекітілген (бұдан әрі – Заң). Заңның 43-бабының 2-5-тармағына сәйкес колледж білім беру бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді. Яғни, колледж жұмыс берушілермен бірлесіп WorldSkills кәсіптік стандарттардың (бар болса) талаптары негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлейді.

2022-2023 оқу жылында білім беру бағдарламаларына мынадай базалық модульдерді міндетті түрде қосу қажет:

- 1) дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;
- 2) ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;
- 3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;
- 4) қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану.

«Қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану» модулін зерделеу орта буын мамандарын даярлау кезінде жүзеге асырылады.

Қосымша базалық модульдерді қосуға, егер оларсыз біліктілік бойынша кәсіптік модульдерді игеру мүмкін болмаған жағдайда жол беріледі.

Колледж қалауы бойынша базалық модульдер, мамандық бейініне байланысты кәсіптік модульдерге біріктіріледі.

## **5. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ (ЖБП МОДУЛІ)**

«Жалпы білім беру пәндері» модулі бойынша жалпы сағат саны 60 кредит/1440 сағатты құрайды, жалпы білім беру пәндері 1-2 курста оқытылады.

Жалпы білім беру пәндердің тізбесі мен көлемі қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып, айқындалады.

Мамандықтың бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беру пәндерге: «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі және әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтар үшін), «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі және әдебиеті» (оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтар үшін), «Шетел тілі», «Математика», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» жатады.

ТжКОБ ұйымдары мамандығының бейініне байланысты «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Графика және жобалау», «Дүниежүзі тарихы», «Шетел тілі» (екінші шетел тілі тек «Өнер» бағыты үшін) кемінде төрт пәнді таңдайды.

ҚР «Білім туралы» Заңында «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы» ұғымы және оны бекіту алынып тасталды («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 14 шілдедегі № 141-VII Қазақстан Республикасының Заңы).

Осыған байланысты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) «Өзін-өзі тану» пәні алынып тасталды.

Жалпы білім беру пәндер модуліндегі «Өзін-өзі тану» пәніне бөлінген сағат көлемін осы модульдің басқа пәндеріне бөлу ұсынылады.

Жалпы білім беру пәндері бойынша емтихандар «Жалпы білім беру пәндері» модуліне бөлінген кредиттер/сағаттар есебінен өткізіледі.

## **6. КРЕДИТТІК-МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЕНГІЗУГЕ ҚАТЫСТЫ**

Колледжде оқытудың кредиттік – модульдік технологиясы оқытудың орнына, нысаны мен мерзіміне қарамастан оқытудың бүкіл кезеңі ішінде біліктілікті беру үшін кредиттерді бағалау және растау арқылы оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып іске асырылады.

Оқу процесін ұйымдастыру білім беру ұйымының басшысы бекітетін оқу процесінің кестесі негізінде жүзеге асырылады.

Оқу процесінің кестесі академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау кезеңдерінен, демалыстардан, кәсіптік практикадан және (немесе) өндірістік оқытудан тұрады. Бітіруші курста оқу жылына қорытынды аттестаттау кезеңі енгізіледі.

Педагогтердің оқу жүктемесін жоспарлау педагогтің білім алушылармен байланыс жұмысының уақытын білдіретін кредиттермен немесе академиялық сағаттармен жүзеге асырылады.

Жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу кезінде Білім беру бағдарламаларын басшылыққа алу қажет.

Кредиттік оқыту технологиясы кезінде міндетті оқу кредиттерінің саны:

- негізгі орта білім базасында жұмысшы біліктіліктерін игеру үшін 120-180 кредит;
  - жалпы орта білім базасында жұмысшы біліктіліктерін игеру үшін 60-120 кредит;
  - негізгі орта білім базасында орта буын маманы біліктілігін игеру үшін 180-240 кредит .
- Кредиттердің осы көлемі шеңберінде 2 жұмыс біліктілігіне дейін игеруге жол беріледі;
- жалпы орта білім базасында орта буын маманы біліктілігін игеру үшін 120-180 кредит.
- Кредиттердің осы көлемі шеңберінде 2 жұмыс біліктілігіне дейін игеруге жол беріледі;

- техникалық және кәсіптік білім базасында орта буын біліктілігін игеру үшін 60 кредит (мәндес біліктілік бойынша);

- қолданбалы бакалавр біліктілігін игеру үшін 60-180 кредит.

Оқу жылында міндетті оқу жүктемесінің жалпы саны кемінде 36 кредитті құрайтын оқу жылын қоспағанда, 60 кредитті немесе 1440 сағатты құрайды.

1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

## **7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТІЗІЛІМІНЕ ҚАТЫСТЫ**

Есепке алудың бірыңғай ақпараттық жүйесін қалыптастыру және колледждің білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру үшін білім беру бағдарламаларының тізілімі (бұдан әрі – ББ Тізілімі) құрылды. Колледждің білім беру бағдарламаларының тізбесі ББ Тізілімінде қамтылған.

ББ Тізілімінде орналастырылған ББ паспорттарына қолжетімділік жалпыға бірдей болып табылады және «Талар» КЕАҚ сайтында Интернет желісі арқылы тегін негізде жүзеге асырылады: [kasipkor.kz](http://kasipkor.kz) (қосымша – «Білім мазмұны – ТЖКБ ББ Тізілімі»).

Қазіргі уақытта Тізілімде Тізілімге енгізу туралы сараптамалық топтардың оң қорытындысын алған ББ паспорттары орналастырылған.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының Тізілімін қалыптастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар «Талар» КЕАҚ сайтында орналастырылған: [kasipkor.kz](http://kasipkor.kz) (қосымша – «Білім беру мазмұны» - «ББ Тізілімі» - «Әдістемелік ұсынымдар»).

Кәсіптік стандарттар өзгерген немесе еңбек нарығында жаңа технологиялар пайда болған кезде, колледж ББ одан әрі сараптамадан өткізу және білім беру бағдарламаларының Тізіліміне енгізу үшін ББ-ны алдын ала өзектендіруі қажет.

## **8. МАМАНДЫҚТАР МЕН БІЛІКТІЛІКТЕРДІҢ СЫНЫПТАУЫШЫНА ҚАТЫСТЫ**

ҚР БҒМ 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышында (бұйрық бекіту кезеңінде) мынадай біліктіліктер алынып тасталды:

– «01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша «3W01120101 Тәрбиешінің көмекшісі» (даярлау курстық оқыту шеңберінде жүзеге асырылуы мүмкін);

Жоғарыда аталған біліктіліктер 2025 жылдың 15 шілдесіне дейін қолданылады.

## **9. ОҚУ ПРОЦЕСІН ЖӘНЕ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚАТЫСТЫ**

2022-2023 оқу жылында колледж студенттері штаттық форматта оқиды. Барлық сабақтар, оның ішінде зертханалық, практикалық жұмыстар мен кәсіптік практика штаттық режимде өткізілетін болады. Бұл ретте, оқу пәндерінің 20% қашықтықтан жүргізуге рұқсат етіледі.

Қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру «Білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну бойынша қойылатын талаптарды және қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Осылайша, оқу орындарының студенттерді оқыту нысанына (күндізгі, сырттай, кешкі, экстернат нысанында) және оқыту курстарына қарамастан қашықтықтан оқытуға ауыстыруға мүмкіндігі бар.

Студенттердің оқу жұмыс жоспарына сәйкес бүкіл оқу кезеңінде уақыттың 20% - нан аспайтын қашықтан оқу мүмкіндігі бар. Бұл ретте қашықтан оқытуға рұқсат етілетін пәндер немесе модульдер сағаттарының тізбесі мен көлемін білім беру ұйымы дербес айқындайды.

Бұдан басқа, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар, оның ішінде уақытша шектеулері бар адамдар, конкурстарға немесе чемпионаттарға қатысатын студенттер қашықтан оқуға мүмкіндігі бар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес ТЖКОБ ұйымдарында қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін мынадай талаптар белгіленеді:

1) оқу қызметін ұйымдастыру үшін Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін телекоммуникациялық арналардың болуы;

- 2) ақпараттық ресурстарға, цифрлық ресурстарға жедел қол жеткізу құралдарының болуы;
- 3) білім алушылар үшін оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық-әкімшілік ақпаратты қамтитын ақпараттық жүйенің болуы;
- 4) білім беру ұйымдары педагогтерінде ақпараттық технологиялар бойынша курстардан өткені туралы сертификаттардың болуы;
- 5) оқу процесін цифрлық білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету;
- 6) бағдарламалық-аппараттық кешенге және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын ең төменгі талаптарды сақтау.

Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген Қағидаларға (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың талаптарына сәйкес колледждегі оқу процесінің форматы (штаттық, аралас, қашықтықтан) республикадағы эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларымен айқындалады.

Бұдан басқа, сырқаттанушылықтың тұрақты өсуі кезінде Кодекстің 38 және 104-баптарына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысымен:

- 1) білім беру объектілері үй-жайларының толтырылуына (адамдардың кабинеттерде, корпустарда, аудиторияларда, спорт, акт залдарында, сыныптарда, топтарда, асханаларда бір мезгілде болуы);
- 2) білім алушылар, педагогтер контингентіне және персоналға;
- 3) сабақтың ұзақтығына;
- 4) көпшілік пайдалану орындарын (оқу залдары, спорт және акт залдары) пайдалануды шектеуге;
- 5) интернаттар мен жатақханалардың толтырылуына қойылатын шектеулер айқындалады.

## **10. КӘСІПОРЫННЫҢ ӨТІНІМДЕРІ БОЙЫНША КАДРЛАРДЫ МАҚСАТТЫ ДАЯРЛАУ**

Кәсіпорындардың өтінімдері бойынша ТжКОБ бар кадрларды даярлауды енгізу мақсаты кәсіпорындардың нақты қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін сұранысқа ие білікті кадрларды даярлау болып табылады.

ТжКОБ бар кадрларды кәсіпорындардың өтінімдері бойынша даярлау білім беру ұйымдарында мәлімделген мамандықтар бойынша білім беру ұйымы мен кәсіпорын (ұйым, мекеме) арасында жасалған шарт негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) есебінен жүзеге асырылады.

Орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын кәсіпорындардың (ұйымдардың, мекемелердің) өтінімдері бойынша кадрларды даярлау үшін мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін ТжКОБ ұйымдарын айқындау кезінде Комиссия Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығын басшылыққа алады.

Сондай-ақ, кәсіпорындардың өтінімдері бойынша кадрлар даярлауды іске асырудың тәртібі (мақсатты даярлау) Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі 2022 жылғы 4 шілдеде бекіткен кәсіпорындардың өтінімдері бойынша кадрлар даярлауға арналған әдістемелік ұсынымдарда көрсетілген.

## **11. ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ШЕҢБЕРІНДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Дуальды оқытуға қатысты нормалар келесі нормативтік-құқықтық актілермен регламенттеледі:

- 1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (35,116,119-б.);
- 2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (683-687-б. 33-б.);
- 3) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (1,5,6,17,45-1 бап);
- 4) «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы (бұдан әрі - ҚР БҒМ №50 бұйрығы);
- 5) «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік,

орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы (бұдан әрі - ҚР БҒМ №93 бұйрығы).

б) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы (бұдан әрі-ҚР БҒМ №597 бұйрығы).

ҚР Еңбек кодексінің 35-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес дуальды оқыту туралы шарт білім алушының еңбек қызметін растайтын құжат болып табылады.

ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығының 2-тарауының 5-тармағына сәйкес кәсіпорын (ұйым) білім алушылардың кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту мерзімдерін көрсете отырып, дуальды оқыту туралы шартқа Қосымшаны толтырады.

Өндірістік оқыту және кәсіптік практика аяқталғаннан кейін білім алушыға дуальды оқыту туралы шартқа Қосымша беріледі, оны білім алушы жұмысқа орналасу кезінде ұсынады.

Дуальды оқыту шеңберінде кәсіпорын тәлімгерді - өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыратын, өндіріс немесе қызмет көрсету саласы технологияларын меңгерген кәсіпорынның білікті қызметкерін білім алушыларға бекітеді.

## **12. ОҚУ ОРЫНДАРЫН ІРІ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚАМҚОРЛЫҚҚА АЛУЫ**

Қамқорлықтың мақсаты - экономиканы кадрлармен қамтамасыз ету үшін кәсіпорындар мен колледждер арасында тиімді және ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнату.

Колледжге қамқорлықты жүзеге асыру бойынша компаниялар (кәсіпорындар) арасындағы меморандумдарға, келісімдерге қол қою жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Меморандумдарда (келісімдерде) келесі бөлімдер көрсетілуі тиіс: ынтымақтастықтың мәні мен принциптері, ынтымақтастықты іске асыру, тараптардың міндеттемелері, меморандумдардың қолданылу мерзімі, тараптардың жауапкершілігі, сондай-ақ компания өкілдерінің қамқоршылық және индустриялық кеңестерге кіру міндеттемелері, студенттердің практикасын ұйымдастыру, шеберханалар мен зертханаларды заманауи жабдықтармен жарақтандыруға жәрдемдесу, білім беру бағдарламаларын өзектендіру, кәсіпорын базасында педагогтердің тағылымдамадан өтуі, сондай-ақ түлектерді жұмысқа орналастыру.

## **13. ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЕМТИХАНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ӨТКІЗУГЕ**

Ел колледждерінде демонстрациялық емтиханды өткізу көрсеткішін жыл сайын орындау «Сапалы білім «Білімді ұлт» ұлттық жобасы шеңберінде көзделген («Сапалы білім «Білімді ұлт» ұлттық жобасын іске асырудың жоспар-кестесінен «ТЖКБ ұйымдарының оқу процесіне Worldskills бағалау жүйесін енгізген колледждердің үлесі» 3-көрсеткіші).

«Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

- демонстрациялық емтихан - білім алушыға игерілген кәсіби құзыреттіліктерін іс жүзінде көрсетуге мүмкіндік беретін аралық және/немесе қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны;

- біліктілік емтиханы ТЖКОБ ұйымдарының оқу-өндірістік шеберханаларында, зертханаларында және оқу орталықтарында және/немесе кәсіпорындардың өндірістік алаңдарында әрбір жұмысшы біліктілігін практикалық жұмыс немесе демонстрациялық емтихан түрінде меңгергеннен кейін өткізіледі;

- біліктілік емтиханы практикалық жұмыс немесе демонстрациялық емтихан түрінде ұйымдардың оқу-өндірістік шеберханаларында, зертханаларында және оқу орталықтарында және/немесе кәсіпорындардың өндірістік алаңдарында өткізіледі.

Демонстрациялық емтихан білім алушылардың бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің мазмұнын меңгеру сапасын оларды зерделеу аяқталғаннан кейін (аралық аттестаттау) немесе олардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (қорытынды

аттестаттау) көзделген модульдер көлемін игеру дәрежесін айқындағаннан кейін бағалау мақсатында өткізіледі.

Колледж демонстрациялық емтихан өткізу кезінде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығын және 2022 жылғы 27 мамырдағы республикалық оқу-әдістемелік кеңеспен бекітілген WorldSkills талаптары бойынша біліктілік емтиханы шеңберінде демонстрациялық емтиханын өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алу қажет. Материалдар «Talar» КЕАҚ сайтында орналастырылған.

#### **14. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ПЕН ФОРУМ ӨТКІЗУ**

Қазақ тілін дәріптеу мақсатында жыл сайын «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты байқау, форум, ғылыми-практикалық конференция т.б. өткізілуі қажет.

#### **15. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ**

Колледжде тәрбие жұмысын ұйымдастыруды регламенттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды ескере отырып, жаңа оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдері өзектендірілді.

Оқу - тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, білім алушының жеке басына құрмет пен сенім, құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болып табылады.

*Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі негізгі нормативтік құқықтық құжаттар:*

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
  - 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;
  - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
  - «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы;
  - «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
  - «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-UI Заңы;
  - «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы;
  - «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы;
  - Ұлттық мерекелер, мемлекеттік мерекелер, кәсіби және өзге де мерекелер «Қазақстан Республикасының мерекелері туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 267 Заңымен реттеледі;
  - «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы.
- «Жастар ісі жөніндегі комитеттің, «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы қызығушылықтар бойынша клубтардың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 18 қаңтардағы № 24 бұйрығы.

*2022/2023 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына, Роза Бағланованың 100 жылдығына, Қазыбек бидің 355 жылдығына, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына, Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығына, сондай-ақ Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің жасалғанына 30 жыл мерекелеуге ерекше назар аудару қажет.*



Бүгінгі таңда колледждегі тәрбие жұмысының негізгі міндеті-бәсекеге қабілетті тұлекті дайындап қана қоймай, ең алдымен онда адами құндылықтар мен қажетті өмірлік дағдыларды қалыптастыру:

### **Студенттердің оқу сауаттылығын арттыру**

Оқу – білім мен ақпарат алудың, рухани-адамгершілік тұрғысынан тұлғаны үйлесімді және дәйекті түрде қалыптастыру мен жетілдірудің ең тиімді құралдарының бірі. Кітап оқу маманның коммуникативтік және кәсіби құзыреттілігін арттыруға, тұлғаның өмірлік жетістіктерге жетуіне ықпал етеді.

Колледжде оқырмандарды кітапханаға тартуға, оқырмандар белсенділігін және білім алушылар оқуының сапасын арттыруға, олардың зияткерлік және рухани-имандылық дамуына, оқырмандық құзыретінің дамуына септігін тигізетін қолайлы орта құру.

Колледжде межелеген мақсаттарға қол жеткізу кешенді сипат алуы тиіс. Колледжде педагогикалық ұйымның білім алушыларға тек арнаулы кәсіби білім ғана емес, сонымен қатар жалпы мәдени құзыреттер – қоғамда сәтті бейімделу үшін жеткілікті деңгей беруі қажет. Жеткіншектер мен жастар ортасында оқу туралы тұлғалық даму үшін маңызды, қажетті іс деген түсінік қалыптастыру жөнінде тиімді жұмыс жүргізу қажет. Оқуға құштар адамның бейнесі ойға қоғамдық пікірде өмірде табысқа жетумен бірге оралуы тиіс. Жоғары оқу мәдениетін сіңіру, оқырман сауаттылығын дамыту білім берудің барлық деңгейлерінде: мектепте – колледжде – жоо-да білім беру процесінің басым бағыттарының біріне айналуы тиіс.

Студенттердің оқу сауаттылығын арттыру мақсатында 2022 жылғы 02 мамырдағы «Оқуға құштар колледж» тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) және 2022-2025 жылдарға арналған Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс - шараларды өткізу әзірленуі керек.

Тұжырымдама аясында сауалнама, тестілеу және сауалнама жүргізу арқылы білім алушылардың оқырмандық қызығушылықтарының, оқырмандық құзыреттілік деңгейінің тұрақты мониторингін жүзеге асыру қажет. Білім алушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту үшін дәстүрлі баспа және электрондық ақпарат тасығыштардағы сапалы отандық, шетелдік көркем, салалық ғылыми-көпшілік, ғылыми-танымдық, энциклопедиялық және анықтамалық әдебиетпен жинақталуын ұлғайту қажет.

Бекітілген жоспар шеңберінде тұрақты негізде «топтың үздік оқырманы», «жылдың үздік оқырманы» конкурстарын өткізу, буккроссингтің тұрақты жұмыс істейтін аймағын және т.б., викториналар, кітапханалық квесттер, флешмобтар ұйымдастыру, кітапханашылардың басшылығымен оқырман клубтарын құру қажет (*клубтың атауы студенттердің қалауы бойынша*).

### **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

Оқу жылының басында колледждің спорттық-бұқаралық жұмыс жоспарын құру және бекіту. Жоспар аясында студенттерді колледждің спорт секциялары туралы таныстыру, сондай-ақ студенттер топтары мен олардың ата-аналарының чаттарына қолданыстағы спорт секциялары туралы электрондық буклеттер (*фото, жаттықтырушылардың байланыстары, жаттығу кестелері*) жолдау қажет. Бірінші кезекте халықтың әлеуметтік осал топтарынан қолдауды талап ететін студенттерді тарту.

Спорттық іс-шаралар бойынша бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес студенттердің спорт түрлері бойынша ұлттық спорт лигасының колледжішілік, қалалық/облыстық және республикалық кезеңдеріне қатысуын және ұйымдастырылуын қамтамасыз етсін.

Жастар арасында бұқаралық спортты дамыту мен танымал ету және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұлттық спорт лигасының спорт түрлері бойынша жарыстарының барлық қорытындыларын БАҚ-та, интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде, YouTube-арналарда жариялау қажет.

Ай сайын негізде студенттер мен олардың ата-аналарына арналған бейнероликтерді, инфографикаларды, постерлерді БАҚ-та, интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде, YouTube-арналарда орналастыра отырып, нашақорлықтың, электрондық темекі тұтынудың алдын алу жөніндегі мамандарды шақыра отырып, іс-шаралар өткізу.

### **Білім алушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту**

Қазіргі жағдайда тәрбие жұмысы пайдалы және теріс ақпараттың үлкен ағымымен байланысты интернет кеңістігінде және әлеуметтік желілерде теріс үрдістердің (*электрондық алаяқтық,*

кибербуллинг және т.б.) дамуымен қиындады, қажетті және сенімді ақпаратты іздеу мәселесі пайда болды. Осыған байланысты студенттерге қажетті және сенімді ақпаратты жедел іздеу дағдыларына үйрету қажет.

### **Оқудан тыс қызметті ұйымдастыру**

Колледж тәрбие жүйесінде білім алушылардың сабақтан тыс әртүрлі нысандарын ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды, бұл жиынтығында білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық - патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз етеді. Оқудан тыс қызмет шеңберінде мынадай жобалар іске асырылуы мүмкін:

Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға және эстетикалық талғамын дарытуға ықпал ететін үйірмелер оқудан тыс қызметті ұйымдастыру нысандарының бірі болып табылады. Әр түрлі спектакльдерді дайындауға және қоюға қатыса отырып, студенттер әдеби шығармаларды тереңірек зерттеуге, шығармашылық танытуға, сондай-ақ эмпатия, ынтымақтастық, эмоционалды интеллект сияқты әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамытуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар қазіргі заманғы колледж стартап-жобаларды қорғау; колледждің подкастын жүргізу; колледждің электрондық газетін ұйымдастыру; Ted форматындағы кездесулер; танымал адамдармен кездесулер; қайырымдылық әлеуметтік жобалар; елдің мәдени көрікті жерлеріне экскурсиялар; колледж серіктестерімен өзара іс-қимыл жасау сияқты тәрбие процесіне оқудан тыс қызметті ұйымдастырудың инновациялық әдістерін, нысандарын, модельдерін іздестіруді жүзеге асыруға тиіс.

Колледждің барлық құрылымдық бөлімшелерінің күш-жігерін біріктіруге мүмкіндік беретін тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру бойынша әдістемелік көмек көрсету мақсатында Министрлік «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында Жастар ісі жөніндегі комитеттің, «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубының, Қызығушылықтар бойынша клубтар жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 18 қаңтардағы № 24 бұйрығын бекітті (*қоса беріледі*).

Осыған байланысты колледжде жастар ісі жөніндегі комитет, «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубтарын, қызығушылықтары бойынша клубтар құру көзделеді. Осы бағыттағы жалпы басшылық пен қызметті үйлестіру колледж басшысының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына бекітілсін.

Сонымен қатар, дебат клубтарын құру жөніндегі жұмысты жалғастыру және жеке тұлғаның үйлесімді дамуын, Қазақстандық патриотизмді, азаматтық бірегейлікті және толеранттылық мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ететін неғұрлым тиімді зияткерлік құрал ретінде студенттерді дебаттық қозғалысына тарту жөнінде шаралар қабылдау қажет (*Қазақстандағы оқушылар мен студенттердің дебаттық қозғалысының жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының тұжырымдамасы*), сондай-ақ аймақтағы дебаттық қозғалысының дамуын үйлестіруге жауапты қызметкерді анықтау.

Тәрбие жұмысын нақтылау мақсатында колледждерде нақты жұмыс істейтін қызығушылықтар бойынша клубтарды ғана қалдыру қажет, қызығушылықтары клубтар ЖІК-нің құрамдас бөлігі болуы тиіс. Қызығушылық бойынша клубтарды студенттердің өздері басқара алады. Жыл басында ЖІК өкілдері тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасармен бірлесіп, әр топпен жұмыс істеп тұрған клубтар бойынша таныстыру жұмыстарын жүргізуі, сондай-ақ студенттер топтары мен олардың ата-аналарының Whatsapp-чаттарына электрондық буклеттерді (*фото, байланыстар, клубтарға бару кестелері*) қосымша жолдау қажет.

Колледждерде балама шешімдері бар проблемалар бар. Бұл мәселелердің көпшілігін студенттердің пікірін ескере отырып шешуге болады. Білім алушыларға педагогтермен бірге оқу-тәрбие процесіне қатысуға нақты мүмкіндік беру қажет. Бірлескен қоғамдық іс - әрекет негізінде балалар мен ересектердің өзара әрекеттесуін үйлестіру - жеке және ұжымдық қарым-қатынастарда өзіндік тәжірибесі бар әр түрлі ұрпақтардың сындарлы диалогының жолы болып табылады.

Студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту мақсатында әрбір колледжде мүшелері (жас депутаттар) колледждің алқалық органдарына кіруі және студенттердің қандай да бір тобының мүдделерін білдіруі тиіс студенттік парламенттер құру қажет. Сонымен қатар, ЖІК мен студенттік парламенттердің міндеттері әртүрлі, яғни ЖІК студенттерді түрлі іс - шараларға тартады және

өткізеді, ал студенттік парламент мүшелерінің (жас депутаттар) міндеті негізінен студенттердің мүдделері мен құқықтарын қорғау болып табылады.

Бүгінгі таңда сыни ойлау, логика, студенттердің жеке дамуына әсер ететін азаматтық ұстанымды арттыратын дебаттар студент жастар үшін трендке айналууда. Тиісінше, апта сайын ең өзекті тақырыптар мен сұрақтар бойынша топтар, курстар және т.б. арасында дебаттық турнирлер өткізу қажет («*Development Day*» аясында мүмкін болады).

Негізгі сабақтардан кейін аптасына бір рет «*Development Day*» студентінің даму күнін ұйымдастыруды ұсынамыз, оны ЖІК ұйымдастыруы қажет. Яғни, бұл күні әр студент кез-келген қызығушылық клубтарына еркін қатыса алады, дебаттарға, семинарларға қатыса алады (*белгілі тұлғаларды, бизнесмендерді, мемлекеттік қызметшілерді, депутаттарды, кәсіпорын басшыларын шақыра отырып, студенттерге оларды ынталандыру мақсатында «Олар бұған қалай келді» деп айта алады*), спорттық іс-шаралар, конкурстар, тимбилдингтер, театрларға бару, бір уақытта өту керек экскурсиялар-бұл студенттерге өз қызығушылықтарын таңдауға мүмкіндік береді. Бұл күні колледждің кез-келген қызметкері, студенттер мен педагогтар өздерінің қалауы бойынша «*Development Day*» бағдарламасына алдын-ала жазылып, семинарлар өткізе алады. Бұл күнді студенттердің шағын концерттік бағдарламасымен (*КВН, Stand Up, брейк-данс, музыканың кез келген жанрындағы жеке және топтық өнер көрсетулері*) немесе спортқа ынталандыратын терең өнегелі мәні бар фильмді көрумен және т.б. аяқтауға болады. Осы жобаларды іске асыру білім алушылардың тәрбиелік, өмірлік кеңістігінің әлеуетін кеңейтуге, жеке тұлғаның өзекті қажеттіліктері мен қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік береді. Жобаларды білім беру ұйымы білім алушылардың отбасыларымен, білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тұрақты өзара іс-қимылда және тығыз ынтымақтастықта іске асыруы тиіс.

### **Конкурстар мен жарыстар**

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес (*Министрліктің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы*) студенттерді әр түрлі конкурстарға (*цифрлық дағдыларды қолдана отырып, әр түрлі салаларда IT-шешімдерді дамыту жөніндегі Hackathon идеялар конкурсы, «Гүлденебер, Қазақстан!», «Колледждердің үздік 100 студенті»*), «*Мен – кәсіпкермін*», «*Жас турист*» Гранд турнирі) жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) және өзге де жарыстарға тарту. Конкурстарға бірінші кезекте аз қамтылған, көп балалы және толық емес отбасылардан шыққан, сондай-ақ профилактикалық есепте тұрған студенттерді тарту қажет.

### **Профилактикалық қызметті ұйымдастыру (психологиялық және әлеуметтік қызмет)**

Қазіргі білім беру жүйесінде психологиялық және әлеуметтік қызметтер қажетті құрамдас бөлікке айналды. Педагог-психологтар және әлеуметтік педагогтер білім алушы тұлғасының даму себептерін анықтау, білім алушыларды оңалту, түзету - консультациялар, тренингтер, білім алушылар мен олардың ата-аналары, колледж педагогтері үшін диагностикалық жұмыс және басқа да медициналық-психологиялық-педагогикалық қолдау және көмек сияқты жұмыс түрлерін жүргізулері қажет.

Бүгінгі таңда жасөспірімдер арасында буллинг/кибербуллинг, діни экстремизм мен терроризм, құқық бұзушылықтар мен нашақорлық, ерте жүктілік, репродуктивтік денсаулығын сақтау мәселелері өзекті болып отыр.

Осыған байланысты жоғарыда аталған келеңсіз үрдістердің алдын алу бойынша мынадай шаралар ұсынылады:

- әлеуметтік педагогтер мен педагог-психологтарды біліктілікті арттыру курстарына жіберу;
- буллинг/кибербуллинг, суицид, киберқылмыс, ерте жүктілік, репродуктивтік денсаулық, діни экстремизм мен терроризм, құқық бұзушылық пен нашақорлықтың алдын алу жөніндегі мамандарды шақыра отырып, БАҚ-та, интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде, YouTube-арналарда студенттер мен олардың ата-аналарына арналған бейнероликтерді, инфографикаларды, постерлерді (*интернет-ресурстарда, интернет-ресурстарда*) орналастыра отырып, іс-шаралар өткізу; алдын алу шаралары қоса беріледі).

**Қолайлы білім беру ортасын құруда кураторлық қызмет ерекше рөл атқарады.**

Кураторлық сағаттар білім беру мазмұнының маңызды бөлігі болып табылады. Кураторлық сағаттардың жоспарларын әзірлеу кезінде студенттік парламент мүшелерін тарта отырып, студенттердің жеке қажеттіліктері мен мүдделеріне назар аудару керек. Тақырыптық сынып сағаттарын өткізу нысандары: *белгілі бір тақырыптағы әңгіме; пікірсайыс, рөлдік ойындар, тақырыптық дәріс, жиналыстар, қарым-қатынас сағаты (сұрақ-жауап), саяхат ойындары, тренингтер, конференциялар, мастер-класстар, театр қойылымдары* болуы мүмкін.

Куратор білім алушылармен бірге топтың жалпы нормалары мен ережелерін әзірлеуге бастамашылық жасай алады. Қазіргі зерттеулерге сәйкес, бұл мінез-құлықтың жалпы нормаларын бірлесіп талқылау және үйлестіру, олардың жауапты сақталуына әкеледі.

## **16. WORLDSKILLS (ВОРЛДСКИЛЛС) ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ДАМУЫ**

WorldSkills Қазақстандағы қозғалысы келесі нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі:

1) «Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамын Қазақстан Республикасындағы WorldSkills Kazakhstan жобасының ұлттық операторы етіп айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 22 бұйрығы;

2) «Қазақстанда WorldSkills қозғалысын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 126 бұйрығы (бұдан әрі - №126 бұйрық);

3) Қазақстан Республикасындағы WorldSkills Kazakhstan чемпионаттарының қағидалары (бұдан әрі - қағидалар) (WorldSkills Kazakhstan Бас Ассамблеясы 2020 жылғы 20 сәуірде бекіткен).

WorldSkills дағдылардың құндылығын көрсетеді және бүкіл әлемде білікті мамандардың танылуын арттырады.

2022-2023 оқу жылында № 126 бұйрық пен қағидаларға сәйкес:

*Колледж деңгейінде:*

1) WSK сарапшыларының біліктілігін бірлесіп арттыру бойынша әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимылды кеңейту;

2) МТБ нығайту және шығын материалдарын сатып алу кезінде WorldSkills International және WorldSkills Europe кәсіби стандарттары ескеріледі;

3) WSK сарапшылары ретінде әлеуметтік серіктестерді тарта отырып, соның ішінде Abilympics (Абилимпикс) және Deafskills (есту бойынша) құзыреттіліктері бойынша WSK колледжішілік чемпионатын өткізу;

4) WSK колледжішілік чемпионатын өткізу кезінде бағалаудың ашық жүйесін (CIS) қолдану;

5) WSK өңірлік (аймақтық) чемпионатына қатысу үшін WSK колледжішілік чемпионатының жеңімпаздарын жіберу;

6) ТЖКОБ ұйымының WSK-те үздік нәтижелерінің бенчмаркингі, оның ішінде БАҚ-ты тарта отырып;

7) Кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жүргізу кезінде WorldSkills құралдарын қолдану.

## **17. КІТАПХАНА ҚОРЫН ТОЛЫҚТЫРУҒА ЖӘНЕ ОҚУЛЫҚТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативі шеңберінде бір білім алушыға оқулықтар, оқу-әдістемелік әдебиеттер және оқу құралдарын сатып алуға арналған шығыстар көзделген, олар 5 АЕК-ті құрайды, бұл білім беру ұйымдарына кітапхана қорын жыл сайын жаңартуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» қаулысын іске асыру шеңберінде 2022-2025 жылдарға арналған техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін қазақ тілінде шығарылған оқулықтармен қамтамасыз ету деңгейі бойынша көрсеткіш бекітілді (2022 ж. – 35%, 2023 ж. – 40%, 2024 ж. – 45%, 2025 ж. - 50%).

Осыған байланысты, аталған көрсеткішті орындау үшін қазақ тіліндегі оқулықтарды сатып алу және жеткізу арқылы көрсеткішке қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет.

## **18. КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК КОНКУРСТАРЫН ӨТКІЗУ**

Колледж педагогтері арасында салалар бойынша кәсіби шеберлік конкурсы «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Білім және ғылым министрінің бұйрығы, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар (ғылыми жарыстар) конкурстарының, орындаушылар байқауларының, кәсіптік шеберлік байқауларының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» Заңы негізінде өткізіледі. Колледжішілік кәсіби шеберлік конкурстар ережесі мен жұмыс жоспарын бекіту.

## **19. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ**

Біліктілікті арттыру курстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорындардың өндірісі мен жабдықтарының жаңа технологияларымен танысу үшін 2021 жылдан бастап біліктілікті арттыру курстарының бағдарламаларына кәсіпорындар базасындағы тағылымдама енгізілді.

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңына үш жылда кемінде бір рет педагогтердің біліктілігін арттыруға қатысты өзгерістер енгізілді.

Педагогтердің біліктілік деңгейін арттыру үшін облыстардың және қалалардың білім басқармалары оқу-әдістемелік кабинеттермен/орталықтармен бірлесіп, төмендегілерді іске асыру қажет::

- оқытатын модульдерге/пәндерге сәйкес педагогтердің тағылымдамадан өтуі үшін кәсіпорындар тізбесін кеңейту бойынша жұмысты жалғастыру.

- «Педагог мәртебесі туралы» ҚРЗ норма енгізуді ескере отырып, өңірлер бөлінісінде біліктілікті арттыру курстарынан өту үшін педагогтердің сапалы тізімін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру;

- «Талап» КЕАҚ бекітілген жоспарына сәйкес педагогтердің қызметіне курстан кейінгі мониторингті жүзеге асыру;

- облыс және республика деңгейінде педагогтердің инновациялық педагогикалық тәжірибесін тарату және тираждауды жүзеге асыру;

- үздік педагогтар мен өндірістен жетекші мамандар қатарынан сарапшылар пулын қалыптастыруға ықпал ету;

- өндірістен мамандарды тарту бойынша өңір кәсіпорындарымен жұмыс жүргізу;

- салалар бойынша республикалық кәсіби шеберлік конкурстарына педагогтердің қатысуы бойынша жұмысты ұйымдастыру.

- Қағидалар талаптарына сәйкес жаңа білім, дағдылар мен құзыреттер алу, өз тәжірибесінде жаңа тәжірибені тарату, біліктілікті арттыру туралы растайтын құжат (сертификат) алу мақсатында курстық оқыту бағдарламасының мазмұнын табысты игеру үшін бірінші басшыларды менеджмент саласындағы біліктілікті арттыру курстарына жіберу;

- бірінші басшының инновациялық-эксперименттік қызметті қолдануына, оқыту сапасын арттыруға әсер ететін әлеуметтік/білім беру жобаларына қатысуына әдістемелік көмек көрсету және қолдау көрсету;

- ашық қолжетімділікте тәжірибе алмасу, менеджментке және оқыту сапасына қол жеткізуге қатысты мәселелер мен проблемаларды шешуде уақтылы көмек көрсету мақсатында бірінші басшылар қоғамдастығын (қауымдастығын) құруға жәрдемдесу;

- инновациялық және АКТ технологияларын пайдалануда бірінші басшылардың білімдері мен құзыреттерін жетілдіруге ықпал ету;

- бірінші басшыларға бизнес-жобаларды құрастыру құралдарын, бизнес пен мемлекеттік құрылымдарды біріктіру және өзара іс-қимыл тетіктерін, колледждерде стартаптарды іске асыру мүмкіндіктерін, қаржыландыру көздерінің әртүрлі тәсілдерін пайдалана отырып, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру бойынша өз бетінше оқу және өз бетінше білім алу ұсынылсын.

## 20. ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ДЕРЕКТЕР ҚОРЫН ТОЛТЫРУ

ҚР «Білім туралы» Заңының 6-бабының 22-2-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органдар Ұлттық білім беру деректер қоры (бұдан әрі-ҰБДҚ) болып табылатын білім беру саласындағы ақпараттандыру объектісінде әкімшілік деректерді жинауды жүзеге асырады.

ҰБДҚ-статистикалық деректерді жинауға, сақтауға және өңдеуге арналған білім беру саласының мемлекеттік ақпараттық жүйесі.

Деректерді жинау жылына екі рет жүзеге асырылды -қыркүйек-қазан және наурыз-сәуір айларында деректерді өзектендіру. Сонымен қатар, толтыру мерзімдері белгіленді, респонденттер ҰБДҚ-ны толтыру үшін бір ай берілді.

24/7 қолжетімді модификацияланған онлайн жүйесі іске қосылды.

*Анықтама:*

- ҚР «Білім туралы» Заңы 6-Б. 22-2) - т. ЖАО-ның құзыреті «жыл сайын белгіленген мерзімде білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттандыру объектілерінде статистикалық байқаулардың деректерін жинауды қамтамасыз етеді»;

- ҚР «Білім туралы» Заңының 43 бабына сәйкес, білім беру ұйымдарының құзыреті кеңейтілді: «11-4) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне әкімшілік деректерді беруді қамтамасыз ету»;

- «Білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы» Министрдің 27.12.2012 ж. № 570 Бұйрығымен бекітілген әкімшілік деректер нысандары әзірленді;

- әкімшілік деректерді жинау тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы №459 бұйрығымен бекітілген Білім беру мониторингін жүзеге асыру Қағидаларымен реттеледі.

Білім алушылар мен педагогтердің дербес деректері қорғалған («Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V ҚР Заңы) және білім беру ұйымдарының ЭЦҚ-мен расталады.

ҰБДҚ деректері бойынша жыл сайын «Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің статистикасы» ұлттық жинағы орыс және қазақ тілдерінде жарияланады, Ұлттық баяндама үшін деректер ұсынылады және барлық ұлттық статистика, оның ішінде халықаралық ұйымдар үшін де (ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ДЭФ және т.б.) деректер ҰБДҚ негізінде қалыптастырылады.

«Білім туралы» ҚР Заңының 45-бабы 3-тармағының 5-1) тармақшасына сәйкес білім беру ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне әкімшілік деректерді дұрыс емес және (немесе) уақтылы ұсынбағаны үшін жауапты болады.

ҰБДҚ толтыру жөніндегі Нұсқаулық және техникалық және кәсіптік білім паспорты қосымшада қоса беріліп отыр.

## 21. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ ДАМУ

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (6-бап) сәйкес колледждерге жабдықтар сатып алуды және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасын іске асыруды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырды.

Колледждің материалдық-техникалық базасын жаңғырту жөніндегі одан әрі жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын (бұдан әрі – Ұлттық жоба) іске асыру шеңберінде жалғастырылатын болады.

Ұлттық жоба шеңберінде «Колледждердің оқу-өндірістік шеберханаларын заманауи жабдықтармен жаратқандыру» іс-шарасын іске асыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджет қаражаты есебінен колледждерді заманауи жабдықтармен жаратқандыруды жоспарлап отыр.

Осыған байланысты облыстық Білім басқармасына ұлттық жоба шеңберінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен колледждің оқу-өндірістік шеберханасын қазіргі заманғы жабдықтармен жаратқандыру жөніндегі жұмысты күшейту мақсатында ұсыныс хаттар әзірлеу.

## 22. КОЛЛЕДЖ ӘКІМШІЛІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- Оқу мекемесі дамуының негізгі бағыттарын, оның құрылымын айқындау, штаттық кестесін бекіту, лауазымдық міндеттерін бөлу.
- Ұжым алдына перспективалық және ағымдағы жұмыс мақсаттарын қою, нәтижелерді бақылау. Өкілетті органдардың алдында колледждің мүддесін қорғау, әр түрлі мемлекеттік органдарда оны ұсыну.
- Белгіленген тәртіпте колледж Жарғысын әзірлеу және бекітуге ұсыну.
- Колледждің ішкі тәртіп Ережесін әзірлеу және бекітуге ұсыну.
- Барлық қызметкерлерден өз міндеттерін, бұйрықтар және нұсқауларды, сондай-ақ ішкі нормативтік ішкі тәртіп Ережесін қатаң түрде және нақты орындауын талап ету.
- Өз қаражаты шегінде қызметкерлердің жалақысы мен лауазымдық айлықтарының ставкаларын белгілеу, Лауазымдық жалақыға үстеме және қосымша ақыны, сыйақы беру тәртібі мен мөлшерін белгілеу.
- Аттестация комиссия арқылы оқытушылардың, қызметкерлердің кәсіби жарамдылық дәрежесін анықтау, еңбегін бағалау және осы негізде педагогикалық жүктемесін көтеру немесе төмендету.
- Министрліктің Құрмет грамотасына, наградасына және құрметті атақтарға ұсыну өкілетті органдарға олардың жұмыстарын ұсыну арқылы жүзеге асады. Қызметкерлерді ынталандыру, тәртіптік жауапкершілікке тарту.
- Колледжге сеніп тапсырылған мүлік, қаржы, ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану.
- Колледжге сеніп тапсырылған мүлікке, ғимараттар мен құрылыстарға зиян келтіргені үшін материалдық жауапкершілікке тарту, ал кейбір жағдайларда қызметкерлер мен студенттерді әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы үшін тиісті органдарға ұсыну.
- Басқа ұйымдармен және мекемелермен және жеке азаматтармен қатынастарда заңды тұлға ретінде әрекет ету.
- Білім беру үрдісінің кез келген қатысушысына және колледждің басқа қызметкерлеріне педагогикалық әдеп нормаларының бұзылуына жол бермеу үшін басқа да шаралар қабылдау және қолдану.
- Кадрлық мәселелерді шешуде, туыстықтың, бауырластық пен жеке адалдығының белгілеріне басымдық бермей, меритократия қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету, колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзімсіздік атмосферасын қалыптастыру.
- Ұжымда іскерлік және достық қарым-қатынастар мен сындарлы ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға жәрдемдесу.
- Оқу үдерісінің кез келген қатысушысына және колледждің басқа қызметкерлеріне негізсіз айыптауға, дөрекілік фактілеріне, қадір-қасиетін қорлауға, қате және дұрыс емес әрекеттерге жол бермеу.
- Оқытушылар мен қызметкерлердің еңбегін лауазымдық нұсқаулық пен осы Ережеге сәйкес ұйымдастыру.
- Оқу және еңбек үрдісінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мекеменің жағдайына, жылу жүйесіне, жарықтандыруға, желдетуге, керекті құрал-жабдықтардың болуына жағдай туғызу.
- Студенттерді қабылдау жоспарын орындау.
- Оқытушылардың білім жетілдіруін қамтамасыз ету. Біліктілікті арттыру және кәсіби шеберліктерін жетілдіру үшін жағдай жасау.
- Мәдени-тәрбиелік, дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарға қажетті жағдайларды жасау. Құқық бұзушылық, нашарлық, ЖИТС, маскүнемдік, алкогольизм және темекі шегудің алдын алу бойынша шараларды әзірлеу және жүзеге асыру. Нашарлыққа, есірткіге, маскүнемдікке себеп болатын себептер мен жағдайларды анықтау және жою үшін мүмкін болатын шараларды қолдану.
- Оқу жоспарларының орындалуын, оқу кестесін, емтихандарды, тестілеуді және консультация өткізуді қадағалау.
- Қызметкерлер мен студенттердің еңбек қауіпсіздігі туралы нұсқаулықтар, өндірістік санитария және еңбек гигиенасы, сондай-ақ өртке қарсы қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау талаптарына қатысты нұсқаулар мен нормативтік актілер бойынша білімдерін үнемі қадағалау.
- Студенттердің жекелеген санаттарын уақытылы және материалдық көмекпен қамтамасыз ету.

➤ Оқытушылар құрамы тарапынан педагогикалық этика ережелері мен ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңы бұзылған жағдайда колледж оқушыларының құқықтарын сақтау үшін қамқоршылық кеңестің қарауына ұсыну.

### **23. КОЛЛЕДЖ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- Колледждің педагогикалық қызметкерлері құқылы:
- Кәсіби қызметі үшін жағдай жасауға;
- Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты сақтауға жататын педагогикалық қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;
- Колледждің басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- Бес жылда бір рет жұмыстан қол үзбей немесе қол үзіп біліктілігін арттыруға, базалық пән бойынша, жаңа инновациялық технологиялар, әдістемелер, беретін пәндері бойынша;
- Санатын көтеру, мансаптық өсу үшін мерзімінен бұрын аттестациядан өтуге;
- Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері үшін 56 күнтізбелік күн ақылы демалыс алуға;
- Жеке педагогикалық қызметке;
- Өзінің кәсіби ар-намысын және қадір-қасиетін қорғауға;
- Колледждің және оның қызметкерлерінің білім беру және экономикалық қызметінің көзі болып табылатын материалдық активтер (ғылыми, әдістемелік, патенттік, бағдарламалық, білім беру және ақпараттық технологиялар және т.б.) түріндегі зияткерлік меншіктің басқа түрлерімен бір деңгейде қорғауға;
- Педагогикалық қызметтегі табысы үшін материалдық және моральдық көтермелеуге, ордендер мен медальдар, құрметті атақтар, белгілер мен дипломдармен марапатталуға;
- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үрдісін тікелей жүзеге асыратын мұғалімдердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына реттеуші жүктеме жүктеледі:
- директордың жазбаша рұқсатымен педагогикалық жүктемесімен қосымша жұмыс атқаруға.
- Студенттердің жеке және шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамытуды жүзеге асыруға;
- Біліктілігін көтеру, соның ішінде үздіксіз өз білімін жетілдіруге;
- Педагогикалық этиканың нормаларын сақтауға;

#### **Өз қызметінде педагогикалық қызметкерлер:**

- 1) білім алушыларды жоғары адамгершілікке тәрбиелеуге, ата-аналарына құрметпен қарауға, этномәдени құндылықтарға, қоршаған ортаға құрметпен қарауға ықпал етуге;
- 2) Қазақстан Республикасының педагогикалық қызметкерінің жоғары атағы беделін түсіретін іс-әрекеттерді жүзеге асыруға жол бермеуге;
- 3) өзінің қызметтік міндеттерін абыроймен және сапалы орындауға;
- 4) өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдіруді белсенді түрде жүзеге асыратын кәсіби дағдыларын үздіксіз жетілдіруге;
- 5) еңбек тәртібін қатаң сақтауға;
- 6) білім беру ұйымының мүлкіне мұқият қарауға және оны жеке мақсатта пайдаланбауға;
- 7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларды қабылдауды, өздерінің мінез-құлқы бойынша адалдық, бейтараптық және әділеттілік үлгісін көрсету;
- 8) жеке немесе өзге де мақсаттар үшін қызметтік ақпаратты пайдалануға жол бермеуге;
- 9) ұжымда тұрақты және позитивті моральдық-психологиялық жағдайды жасауға жеке үлгі көрсету арқылы үлес қосуға;
- 10) қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскери киім стилін ұстануға міндеттенеді.

#### **Педагогикалық қызметкерлер оқу үрдісіне қатысушылармен қарым-қатынаста:**

- 1) жасына, жынысына, ұлтына, дініне, азаматтығына, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық, мүліктік жағдайына немесе өзге де мән-жайларына қарамастан адамның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 2) білім беру үдерісінің қатысушыларына қатысты қаржылық және басқа қорқыту фактілеріне жол бермеуге, әріптестері тарапынан мұндай әрекеттерге жол бермеуге күш-жігерін салуға;



3) Өз іс-әрекеттері арқылы қоғамның сын-ескертпелеріне жол бермеуге, оны толеранттылықпен қабылдауға, өзінің кәсіби қызметін жетілдіру үшін кемшіліктерді жоюға және сындарлы сындарды қолдануға;

4) оқу үрдісіне қатысушыларға кәсіби қолдау көрсетуге;

**Педагогикалық қызметкерлер әріптестермен қарым-қатынаста:**

1) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, сыпайылық пен дұрыс жүріп-тұруға;

2) басқа педагог қызметкердің кәсіби біліктілігіне ашық түрде күмән келтірмеуге. **Салауатты өмір салтын ұстану және оны студенттер арасында насихаттауға;**

1) Студенттердің ғылыми-техникалық шығармашылығын ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылықты қамтамасыз етуге;

2) Колледж оқытушылары мен облыстың, республиканың, басқа да білім беру мекемелерінің оқытушыларының алдыңғы қатарлы жұмыс тәжірибесін зерделеуге;

3) Колледжішілік, аудандық, қалалық және республикалық іс-шараларға белсене қатысуға;

4) Студенттердің үлегріміндегі сәтсіздік себептерін анықтап, оларды білімдегі кемшіліктерін жоюға және оқу орнына бейімделуге көмектесуге;

5) Студенттердің ата-аналарымен тығыз байланыста болуға;

6) Студенттер құрамын сақтау үшін үнемі жұмыстануға;

7) Бітірушілердің жұмыспен қамтылуын және кәсіптік өсуін бақылауға.

## **24. СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Колледждің студенттері құқылы:

1 Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға;

2. Оқу жоспарына сәйкес өз қабілеттері мен талаптарын ескере отырып қосымша білім беру қызметтерін алуға;

3 Колледж басқару ісіне қатысуға;

4 Кітапхананың, ғаламтор желісінің ақпараттық ресурстарын еркін пайдалануға, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте оқулықтармен қамтамасыз етілуге;

5 Өз пікірлері мен сенімдерін еркін білдіруге, өзінің адамгершілік қадір-қасиетін құрметтеуге;

6 Оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметіндегі жетістіктері үшін көтермелеу мен марапаттауға;

7 Басқа аймақтардан қабылданған студенттерді колледж жатақханасында орын бар болған жағдайда орынмен қамтамасыз етуге;

8 Тегін және ақылы білім алу үшін кітапхана, аудитория, жабдықтар, құралдар, компьютерлік техника, аспаптар және басқа құралдарды осы мақсатта пайдалануға;

9 Оқу бағдарламалары мен жоспарын толықтай орындау үшін әкімшіліктен қажетті жағдай туғызуды, оқытушылардан сабақты сапалы өткізуді талап етуге;

10 Шығармашылықпен айналысуға, өнер саласындағы өз таланттарын ашуға, бос уақытты өз бетінше құру және дене бітімінің дамуына, асхана, жаттығу залы қызметтерін пайдалануға;

11 Білім алушылардың жекелеген санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеңілдіктер алуға;

**Колледж студенттері міндетті:**

1 Сабақтарға қатысып, білім алудағы мемлекеттік білім беру стандарттарының көлемінде білім алуға, дағдылар мен практикалық дағдыларды игеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;

2 Денсаулық жағдайын күтіп, рухани және физикалық дамуға ұмтылуға;

3 Колледжге сабаққа басталудан 15 минут бұрын келуге;

4 Сабаққа келмеген жағдайда, кафедра меңгерушісіне немесе кураторға сабақта болмауы себептерін дәлелдейтін құжаттарды 3 күнтізбелік күн ішінде әкелуге;

5 Тәжірибелік жұмыс кезінде қауіпсіздік, өнеркәсіптік гигиена, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға;

6 Қоғамдық тәртіпті сақтауға;

7 Сабақ кезінде оқу тәртібін қатаң сақтау: оқытушының рұқсатынсыз сабақ кезінде орнынан тұруға, аудиторияда өз бетімен жүріп-тұруға, аудиториядан шықпауға, ұялы телефонды

«дыбыссыз» режимге қоюға, оқытушының келісімінсіз аудио және видео құрылғыларын қолдануға болмайды;

8 Жатақханада тұру тәртібін және санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерді сақтауға;

9 Колледжде бекітілген бірыңғай киім нормасын сақтауға: (жоғары жағы ашық түсті, төменгі жағы қою түсті; дене тәрбиесі сабағынан басқа кезде спорттық киімді киюге тыйым салынады, ұзын етекті юбка мен орамал тартуға тыйым салынады).

10 Студенттер мен тәрбиеленушілерге аурудың алдын алуға, денсаулығын нығайтуға, физикалық тұрғыдан жақсартуға, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша қажетті шараларды қамтамасыз етуге;

11 Колледжде білім алушылардың денсаулық жағдайына жүйелі бақылау жүргізу, олардың денсаулығын қорғау, медициналық қызмет көрсету мақсатында медициналық пунктпен қамтамасыз ету;

12 Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес студенттерге алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүргізу;

13 Сабақ кестесі мен үзілістің ұзақтығы студенттердің тамақтануы мен белсенді демалысы үшін жеткілікті түрде құрылады.

### **Қатаң тыйым салынады:**

1 Колледж ғимаратында және 150 м радиуста колледждің іргелес аумағында темекі шегуге;

2 Ғимарат дәлізінде және сабақ жүріп жатқан колледж аумағында нормаға сай емес лексиканы қолдануға, дауыс көтеріп сөйлеуге;

3 Колледжге улы, есірткі заттарын, насвай, кальян, газ тәрізді, кез-келген қаруды, арнайы және қолдан жасалған пиротехникалық құрылғыларды әкелуге;

4 Есірткі, насвай, спирттік, энергетикалық сусындар қолдануға, колледжге алкоголь ішіп және есірткі шегіп келуге;

5 Басқа студенттер мен қызметкерлерге қарсы физикалық күш қолдануға;

6 Өзгелердің ар-намысы мен абыройын төмендетуге;

7 Өз тарапынан әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке (қарақшылық, ұрлық және т.б.) апаратын құқық бұзушылықтарға;

8 Құмар ойындарға қатысуға;

9 Арнайы қызметтерге қасақана жалған қоңырау шалуға;

10 Білім беру үрдісіне қатысы жоқ бөгде тұлғаларды колледжге алып келуге;

11 Оқу үдерісіне қатысатын кез келген қатысушыға және колледждің басқа қызметкерлеріне физикалық, психологиялық әсер етуге;

12 Колледждің мүлкін бұзуға, колледж ішінде және аумағында қоқыс тастауға.

## **25. АТА-АНАЛАР НЕМЕСЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Ата-аналар (заңды өкілдер) құқылы:

1 Оқу және оқу орындарының түрін таңдауға. Ол үшін демалыс уақытында колледждің басшысына жазбаша өтініш беруі керек;

2. Баланың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға;

3 Ата-аналар студентке баға қойылғаннан кейін үш күннен кешіктірмей қойылған бағамен келіспеу туралы өтініш беруге құқылы.

Ата-ана мен оқытушы арасындағы бағалаудың объективтілігі туралы қайшылық болған жағдайда, директордың бұйрығымен студенттің білімін тексеретін және тиісті бағалауды белгілейтін пәндік мамандар қатыстырыла отыра (әдіскерді қатыстыра отырып) тәуелсіз комиссия белгіленеді;

4 Баласының оқу үлгерімі мен тәртібі мәселесі қарастырылатын педагогикалық кеңеске қатысуға және талқылауға;

5 Колледждің басқару ісіне қатысуға, яғни жалпыколледжлік ата-аналар комитетіне, Қамқоршылық кеңеске сайлануға немесе сайлауға құқылы. Жалпы колледждік және топтың ата-аналар жиналысына қатысып, өз пікірін айтуға;

6 Оқу үрдісінің барысы, мазмұнымен, білім алушының үлгерімімен танысуға;

7 Директордың немесе директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының және сабақ жүргізетін оқытушының келісімімен жасөспірім оқитын топтың сабақтарына қатысуға;

8 Студенттің оқу үлгерімімен танысуға;

**Ата-аналар (заңды өкілдер) жауапкершілік алуға міндетті:**

- 1 Балаларының техникалық және кәсіптік білім алуына жағдай жасауға және тәрбие беруге;
- 2 Студенттер келесі курсқа «шартты» ауысқан жағдайда педагогикалық кеңес шешімі бойынша белгіленген мерзім ішінде білім алушының академиялық қарыздарын жоюға;
- 3 Колледж жарғысын орындауға және колледждің ішкі тәртібін сақтауға;
- 4 Колледжде өткізілетін ата-аналар жиналыстарына қатысуға;
- 5 Білім алушылардың мемлекеттік меншікке мұқият қарауына.

**26. СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН КӨТЕРМЕЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ТӘРТІПТІК ЖАЗАЛАУ ШАРАЛАРЫ**

1. Студенттерге үздік, жақсы үлгерімі үшін және колледж өміріне белсене араласқаны үшін, еңбекке ынтасы үшін мынандай көтермелеулер беріледі: алғыс жариялау, диплом, мақтау қағазы немесе құрмет грамотасы, бағалы сыйлықтар, оқу ақысына жеңілдік алу мүмкіндігі, ата-аналарына алғыс хат жіберу.

2. Студенттерге еңбек және оқу тәртібін бұзғаны үшін мынадай жазалау шаралары қолданылады: ескерту, сөгіс, колледжден шығарылу мәселесін қарау үшін қамқоршылық кеңеске ұсыну.

3 Студент сабаққа кешіккен жағдайда, сабаққа жіберіледі, бірақ кафедра меңгерушісінен сол пән бойынша келесі сабаққа рұқсат алуға міндетті.

4 Оқу және еңбек тәртібіне қатысты құқық бұзушылықтар бойынша ескеру, сөгіспен қоса алғанда кафедра жиналысында жүзеге асырылады. Аса маңызды құқық бұзушылықтар құқықтық тәрбие және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Қамқоршылық Кеңесте қаралады.

5 Жалған құжат көрсеткені үшін студент оқу орнынан шығарылады.

6 Колледжге қасақана материалдық зиян келтірген кезде студент: келтірілген зиян мөлшерін қалпына келтіруге міндетті және колледждің студенттер қатарынан шығарылуы мүмкін;

7 Колледжге қасақана емес материалдық зиян келтірген жағдайда студент зиян мөлшерін қалпына келтіруге міндетті және директордың бұйрығы бойынша колледждің ішкі есебіне қойылады.

**27 МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗАНЫҢ ЖӘНЕ КОЛЛЕДЖДЕГІ САНИТАРЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ САҚТАЛУЫ**

1 Оқу кабинетіндегі жиһаздардың сақталуына жауапкершілік арту мақсатында білім алушыларға тұрақты оқу орнын бекіту.

2 Оқытушылар оқу жылы бойына сабақтар арасында оқу кабинетін қабылдауды және жеткізуді қамтамасыз етуі керек. Оқу кабинетіне және ондағы мүліктердің сақталуына сол кабинетте жұмыс жасайтын оқытушы толық жауапкершілік (соның ішінде материалдық та) алады.

3. Жиһазды, көрнекі құралдарды, оқу құрылғыларын, колледждің безендірілуін, стендтерді бүлдіргені үшін студент (немесе оның заңды өкілі) үш шарттың бірін орындайды:

- бүлінген мүлікті қалпына келтіру;
- бухгалтерия мен маман анықтайтын зиян мөлшерін кассаға төлеу;
- жаңа меншікті өз есебінен сатып алу.

4 Колледж кітапханасындағы кітаптар, оқулықтар мен оқу құралдарын бүлдіргені немесе жоғалтуы жағдайында студент екі шарттың бірін орындайды:

- жоғалған кітапқа тең дәрежедегі жаңа баламалы кітап сатып алу;
- Жоғалған оқулық, кітап немесе оқу құралының құнын төлеу.

**28 . ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР**

1. Әрбір құқық бұзушылық жағдайлар цикл отырысында директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының қатысуымен қаралады. Бұған куратордың мәлімдемесі, кезекші оқытушының, оқытушының, жәбірленуші студент пен оның ата-анасының мәлімдемесі, соттан, ПБ түскен құжат және т.б. негіз болып табылады.

2 Егер студенттің есірткіге тәуелділігі, есірткіні сақтау немесе заңсыз саудамен айналысқаны, қылмыс жасағаны туралы фактілер мен дәлелдер болса, студенттің аты-жөні тиісті органдарға беріледі.

3. Колледждің, оқытушылардың, қызметкерлердің немесе студенттердің мүлкін ұрлап ұсталған студенттің ісі шешім шығару үшін колледждің Қамқоршылық кеңесіне қаралуға жіберіледі.

4 Құқықтық тәрбие және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Кеңестің отырысына себепсіз келмеген студент директордың бұйрығымен колледжден шығарылады.

5 Құқықбұзушылық бойынша оқудан шығарылған студенттер туралы бұйрық көпшілік білу үшін ілінеді.

6. Куратор студентке тағылған тәртіптік жаза туралы оның ата-анасына үш күн мерзім ішінде хабарлауға міндетті.

7 Оқу жылы мерзімінде кәмелетке толмаған студенттердің себепсіз сабақ жіберуіне ата-аналары ҚР ҚБТК 127-бабы 1, 2 тармағы бойынша жауапкершілік алып, айыппұл салынады.

8 Студент колледжден шығарылуы мүмкін:

- а) өз еркі бойынша;
- б) басқа оқу орнына ауысуына байланысты;
- в) оқу ақысын төлемегені үшін;
- г) оқу тәртібін бұзғаны үшін:
  - академиялық демалыстан қайтып келмеу;
  - жүйелі түрде себепсіз сабақ жіберу; (семестрге жіберілген сағаттар саны 36 сағаттан аспайды);
  - колледжбен байланыс жоғалтқаны үшін (себепсіз ұзақ уақыт бойы болмауы);
  - оқу бағдарламалары мен оқу курсы қайта оқытуға қатысты білім беру қызметтерін көрсету туралы келісімшарт жасамағаны үшін (бұйрық шыққаннан бастап 10 күн ішінде);
- д) ішкі тәртіп ережелері мен Колледж жарғысын бұзғаны үшін:
  - маскүнем күйінде сабаққа келу;
  - маскүнемдік күйін, есірткіге елтуді немесе басқа да уытты заттарға елту күйін туғызатын заттарды қолданғаны үшін;
  - колледж қабырғасында спирттік ішімдіктер ішіп, құмар ойындар ойнағаны үшін;
  - ауыр зардаптарға әкеп соғуы мүмкін еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін;
  - колледждің мүлкіне залал келтіргені үшін;
  - жатақханада тұру ережелерін бұзғаны үшін;
  - колледжде қоғамға қарсы мінез-құлық көрсеткені үшін.

9. Сабақты себепті жіберуге мыналар жатады: емханадан анықтамамен куәланған медициналық тексеріс қорытындысы, шетелге іссапарға шығу, колледж әкімшілігімен келісілген облыстық деңгейдегі спорттық және басқа іс-шараларға қатысу, сонымен бірге форс-мжорлық жағдайлар.

10 Студенттің оқу орнынан шығарылуы колледж директорының бұйрығымен рәсімделеді.

11 Колледжден шығарылған студентке белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

12 Қайта оқу курсына қалдырылған білім беру грантының иегерлері оқу грантынан айырылады да, оқуын ақылы негізде жалғастырады.

## 26. СЫРТҚЫ КЕЛБЕТ

1. Колледждің әрбір білім алушысының сырт келбеті колледжде болған кезде, жыл мезгілдеріне қарай оқу немесе лауазымдық қызметін атқарған кезде, сабақ (іс-шара) өткізудің шарты және оның форматы жалпыға бірдей өзін-өзі ұстау нормасына, іскерлік стильге тән ұстамдылық, дәстүрлік, ұқыптылыққа сай болуы керек.

2. Колледж органдардың және мүдделі тұлғалардың келісімімен аяқ киімге, киімге, шаш үлгісіне, аксессуарларға, зергерлік бұйымдарға, косметикаға және т.б. қатысты талаптарды анықтайтын сыртқы стандарттарды әзірлеуге және енгізуге құқылы.

3. Әрбір студент жеке және қоғамдық гигиенаның ережелерін қатаң сақтауы тиіс.